

ISSN 1563-0307  
Индекс 75876; 25876

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

# ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ

Психология және социология сериясы

---

КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ

# ВЕСТНИК КазНУ

Серия психологии и социологии

---

AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

# KazNU BULLETIN

Psychology and sociology series

---

№1 (60)

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2017

## МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

### 1-бөлім    Раздел 1 Психология    Психология

|                                                                                                                                                                                     |     |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| <i>Адилова Э.Т., Садыкова А.Т., Баймолдина Л.О., Шихова О.М.</i><br>Сравнительное исследование интеллекта детей с нормальным весом и лишним весом.....                              | 4   |
| <i>Aplashova A.Zh., Kolyuh O.A., Kabakova M.P., Zholdabayeva A.S.</i><br>Gender features of personal characteristics of students-leaders .....                                      | 12  |
| <i>Kukubayeva A.H., Berdibayeva S.K., Mun M.V.</i><br>Culture of interethnic relations as a condition of formation of youth tolerant consciousness.....                             | 20  |
| <i>Vasko T., Aimaganbetova O., Yanczuk V.</i><br>Students' critical thinking as an aspect of informational and psychological safety of a person.....                                | 26  |
| <i>Жаппай М.К., Калымбетова Э.К., Малкин В.Р.</i><br>Исследование восприятия межличностных взаимоотношений в спортивной психологии.....                                             | 32  |
| <i>Кабакова М.П., Аплашова А.Ж., Матаев Б.А.</i><br>Социально-психологическое сопровождение инвалидов с психоневрологическими<br>заболеваниями в условиях обслуживания на дому..... | 40  |
| <i>Кайратова И.К., Кудайбергенова С.К.</i><br>Прокрастинация феноменінің этнопсихологиялық ерекшеліктері<br>(жоғары оқу орнының студенттері мысалында) .....                        | 48  |
| <i>Колюх О.А., Аплашова А.Ж., Кабакова М.П., Габдулина М.А.</i><br>Исследование особенностей базовых эмоций у представителей различных культур.....                                 | 58  |
| <i>Кунанбаева М.Н., Шакеримова З.Ш., Мауль Т.А.</i><br>Психологические особенности влияния казахской национальной музыки на психоэмоциональное<br>состояние молодых людей.....      | 66  |
| <i>Нукенова Р.С., Сатыбалдина Н.К.</i><br>Насилие над женщинами в семье как социально-психологическая проблема .....                                                                | 76  |
| <i>Ризулла А.Р.</i><br>Исследование проблемы счастья в различных направлениях психологии .....                                                                                      | 82  |
| <i>Сабирова Р.Ш.</i><br>Сравнительное исследование составных элементов удовлетворенности трудом в интегративном аспекте .....                                                       | 92  |
| <i>Садыкова А.Т., Адилова Э.Т., Касымжанова А.А.</i><br>Исследование взаимосвязи типов темперамента и уровня стрессоустойчивость у студентов .....                                  | 100 |
| <i>Ташимова Ф.С., Калипанова М.К.</i><br>Психологические основы совладания с СДВГ младшими школьниками .....                                                                        | 108 |
| <i>Tileubayeva M.S., Massalimova A.R., Kaufman J.C., Fernandez M. V.C.</i><br>The problems of thinking about mind, body and experience.....                                         | 116 |
| <i>Токаева Г.О., Ахтаева Н.С., Кудайбергенова С.К.</i><br>Анализ факторов, влияющих на успешность обучения школьников .....                                                         | 124 |
| <i>Тоқсанбаева Н.К., Жубаназарова Н.С., Борбасова Г.Н., Стамбеков Е.Б.</i><br>Студенттердің өзіндік бағалау құзыреттілігін зерттеудің ерекшеліктері .....                           | 130 |
| <i>Трубников В.П.</i><br>Проблема денег в психологии и типы отношения к ним .....                                                                                                   | 138 |

Токсанбаева Н.К.,  
Жубаназарова Н.С.,  
Борбасова Г.Н., Стамбеков Е.Б.

### Студенттердің өзіндік бағалау құзыреттілігін зерттеудің ерекшеліктері

Мақалада өзіндік бағалау – тұлғаның өзін-өзі басқа адамдар ортасындағы орнын, қасиеттерін, өз мүмкіндіктерін бағалауы зерттелген. Яғни, өзіндік бағалау – қоршаған ортаның өзгермелі шарттарына тәуелсіз өзіндік ерекшелігінді саналау. Өзін-өзі саналау белгілі бір даму этаптарында өзіндік бағалауға айналады. Өзін-өзі саналау уақытқа сәйкес өзінің даралығынды сезінумен байланысты, кез келген психикасы сау адам өткенін есіне сақтайды, қазіргі кезеңді басынан өткереді, болашаққа үмітпен қарайды. Өзіндік бағалау адамның өз жүріс-тұрысын және іс-әрекетін реттеуге тікелей қатысы бар, тұлғаның белсенді дамуында қалыптасатын және оның ішкі әлемінде өзіндік көрініс табатын орталық компонент, тұлға сипаты, маңызды тұлғалық білім. Тұлғаның жас ерекшелік даму деңгейінің белгілі бір кезеңінен бастап өзіндік бағалау үлкен маңызға ие бола бастайды. Тақырыпқа байланысты жоғарыда айтылған мәселелер бойынша біз зерттеудің келесі кезеңінде алдымызға төмендегідей мақсат қойдық. Оқушылардың өзіндік бағалауына мұғаліммен қарым-қатынасының әсерін теориялық және эксперименттік зерттеу. Зерттеуімізге мынандай әдістемелер алынды; А – С.А. Буддасидің тұлғаның өзіндік бағалауы әдістемесі; В – Дембо-Рубинштейн әдістемесі; F – О.И. Мотковтың тұлғаның өзіндік бағалауы әдістемесі; G – Жастардың достарымен қарым-қатынасын бағалау анкетасы алынды. Мысалы эксперименттің «Жасөспірімнің сыныппен қарым-қатынасын бағалау анкетасы» бойынша зерттеу жұмысынан кейін эксперименттік зерттеуге алынған топтар мен бақылаушы топтардың арасында жоғары мәнділікті көрсетті. Зерттеу жұмысымыздың төртінші экспериментінде зерттеуге алынған топтар мен бақылаушы топтардың арасындағы мәнділікті анықтауда жоғарыдағы (бірінші блок) жиілік сақталды. Қорыта айтқанда, зерттеуіміздің негізгі мақсаты – тұлғаның өзіндік бағалауын түзету және қарым-қатынас жағдайын дамыту (өзара түсіністікке жету, топтағы ажқарқын қарым-қатынас); ұмтылысты дамыту, өзін-өзі тану қабілетін, өзін-өзі дамыту жолында мақсат қойып, оны орындау мен жеке тұлға ретінде өсуін дамыту; жастардың өзіндік бағалауына жеке жұмысын ұйымдастыра білу (ой жинақылау машығы, есте сақтау, өзін-өзі бақылау), кез келген істің табыстылығына бастау (оқу, кәсіби, коммуникативтік); тұлғаның өзіндік бағалауындағы психоэмоция өрісінде дамып жетілу (эмоцияны дамыту, рухани қалыптатылыққа қол жеткізу және т.б.); өзіндік бағалауындағы коммуникациялық дағдыны дамыту, қарым-қатынастың әр түрлі әдіс, тәсілдерін меңгеру; тұлғаның өзіндік бағалауына қиялды, шығармашылық қабілетті дамыту болған. Бұл зерттеудегі қойылған мақсат пен болжамымыз нақты дәлелденді. Бұл жұмыста тренингтің мазмұны мен әдістемелік қамтуы ашылған. Жұмыста алдыңғы қатарлы психологиялық жаттығулар, ойындар мен әдістемелерді негізге алып жасалынған.

**Түйін сөздер:** құзыреттілік, түйінді құзыреттер, біліктілік, дағды, кәсіби шеберлік, кәсіби құзіреттілік, студент, өзіндік бағалау, өзіндік сана, интерпретация.

Toksanbaeva N.K.,  
Zhubanazarova N.S.,  
Borbassova G.N., Stambekov E.B.

### The features of student's competencies self-measurement research

One of the branches of psychology, which deals with personal self-evaluation, is humanistic psychology. According to representatives of this branch self-evaluation distinguishes the significance of a person. Thereby it shows the emotional and valuable attitude of a person towards himself. According to K.Rodgers, who worked a lot on this sphere, the more significance between parts of "ego" is connected, the more person's self-evaluation increases. He considers person's self-evaluation and cognition as a central part of human's personal features. Therefore, human's self-evaluation provides human being with the self-direction of a person in any given society and harmony of intrinsic demands with extrinsic events. On the basis of his works, one of the significant aspects of person's psychological complexity is a tendency to change personal values which are previously formed through experience of self-evaluation. On the other hand K.Rodgers overestimates the role of person's environment personal relationships, considering person's ego as an only factor in forming real and ideal interrelations. Hereby, the author pays no regard to the socio-economic aspect of forming personal self-cognition. According to S.R.Pantileev self-evaluation develops because of the influence of person's primitive social experience. It is a result of interaction of biological, psychological and psycho-social aspects. Also it plays an important role in society. The more people become older, the more self-evaluation is seen in real form. Also some researchers show that self-evaluation is formed on the basis of interaction in society. Therefore, a person interacts with people and defines his place in that given society, consequently it forms self-evaluation.

**Key words:** Competence, key competence, training, skills, professional skills and professional competence, student, self-appraisal, consciousness, interpretation.

Токсанбаева Н.К.,  
Жубаназарова Н.С.,  
Борбасова Г.Н., Стамбеков Е.Б.

### Особенности исследования самооценки компетентности студентов

В данной статье рассмотрены вопросы о самооценке личности, восприятии себя среди других, оценке своих способностей и личностных качеств. В исследовании использованы следующие методики: методики исследования самооценки А-С. А. Буддаси; методика В – Дембо-Рубинштейн; методика самооценки личности F – О.И. Моткова; была проведена анкета оценки общения молодежи G. В основе данной работы были использованы самые передовые психологические упражнения, игры и методики. Эта проводимая и адаптированная программа «практик-психолог – самооценка личности», дает возможность прогнозировать в будущем работу «программы совместной деятельности служб и социально-психологических центров казахстанских психологов-практиков».

**Ключевые слова:** Компетенции, ключевые компетенции, квалификации, навыки, профессиональные навыки и профессиональная компетенция, студент, самооценка, самосознание, интерпретация.

## **СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК БАҒАЛАУ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ЗЕРТТЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында мемлекеттік саясат негізінде ең алғаш рет «Өр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын дамыту» сияқты өзекті мәселелер енгізіліп отыр. Бұл тектен-тек емес, өйткені елбасы еліміздің дамуына, әлемнің бәсекеге барынша қабілетті 50 елінің қоғамдастығына қарай жедел жылжуымыз және оның тұрақты мүшесі ретінде Қазақстанның тұғырнамасын нығайтуымыз керектігін атап өткен.

Яғни, тұлғаның өзіне эмоциялық-құндылық қатынастарды білдіреді. Бұл бағыт өкілі К. Роджерс пікірінше, «Мен» құрамдастарының арасындағы мән неғұрлым жақындасқан сайын, соғұрлым өзіндік бағалау жоғары болады [1, 58 б.]. Ол өзіндік сана мен өзіндік бағалауды тұлға құрылымында орталық буынға жатқызды. Яғни, өзіндік бағалау тұлғаның әлеуметтік ортада бағдарлануын және ішкі талаптар мен сыртқы жағдайлардың келісімділігін қамтамасыз етеді. Тұлғаның психикалық тұтастығының маңызды жағдайларының бірі өзіндік бағалаудағы тәжірибе күшімен бұрын қалыптасқан құндылықтар жүйесін өзгертуге бейімділігі деп қарастырды. Бірақ К. Роджерс идеалды және шынайы «Мендерді» арақатынасын жасайтын жалғыз фактор деп есептей отырып, тұлға ортасын және тұлғааралық қарым-қатынас рөлін асыра бағалайды. Осы орайда, автор өз зерттеулерінде тұлғаның өзіндік санасы қалыптасуындағы әлеуметтік-экономикалық қатынастардың рөлін ескермеді.

Өзіндік бағалау – өзіндік сана сезімдерінің бірлігі, тұлғаның қасиеттеріне, сапасына деген қатынасы. Өзіндік бағалауға икемділік, орнықтылық, адекваттылық (жағымды, жағымсыз) сияқты сипаттамалар тән болады. Өмірлік тәжірибелерде қалыптасқан «Мен» бейнесі әлемді, басқа адамдарды қабылдауға, оларды бағалауға әсер етіп, соның негізінде адам өзінің мінез-құлқын өзіндік бағалайды [2, 201 б.].

К. Роджерс өзіндік бағалау теориясын және өзіндік бағалауға психотерапиялы әсер ету курсының ұйымдастырды. Оның ойынша өмірлік жағдайларға ең оңай бейімделу өзіндік бағалаудың икемділігін дамыту болып табылады, яғни өзіне деген адекватты қатынасты дамыту, бұл басқа адамдармен қарым-қатынасты дұрыс қалыптастыруға, өзін-өзі сыйлаудың